



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ:
ПЕРСПЕКТИВАЛАР МЕН СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

Х-шы Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
5 мамыр 2020 ж.

**СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ
КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА:
ПЕРСПЕКТИВЫ И ВЫЗОВЫ**

Материалы X-Международной
научно-практической конференции
5 мая 2020 г.

Нур-Султан, 2020

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

Доктор политических наук, профессор **Р.А. Нуртазина**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В.Матвеева**, Россия
Доктор политических наук, профессор **Хасан Язиджы**, Турция
Депутат VI Созыва Палаты представителей Национального собрания
Республики Беларусь – **Жданович Павел Леонидович**

Организационный комитет конференции: E-mail: polscience323@gmail.com

Информация о конференции на сайте: enu.kz

Рыстина И.С. – доктор PhD, доцент, зав.кафедрой политологии

Копежанова Д.Е.- доктор PhD, доцент кафедры политологии

Болатулы Нуржан – преподаватель кафедры политологии

«Социально-политическая модернизация казахстанского общества: перспективы и вызовы».

Сборник материалов X- Международной научно-практической конференции. (5 мая 2020 г) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337- 131-3

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки, философии Абая Кунанбаева в современных социально-политических реалиях, волонтерства в контексте формирования гражданского общества и реализация программы «Рухани жанғыру», как новые тренды духовного обновления нации.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337- 131-3

© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2020.

9.«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» ҚР-ның Заңы 2001 жылғы 23 қаңтар N 148-ІІ [Электронды ресурс].– 2001- URL: - http://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/Z010000148_/25.04.2001 Қарастырған күні: 26.04.2019).

10.Ювица, Н. В. Теория и практика местного управления, Учебник, Астана: ТОО «Лантар Трейд», 2018. 189 с.

11.Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы №438 Жарлығы [Электронды ресурс].– 2001- URL: - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1200000438> (қарастырған мерзімі: 26.03.2020).

**Ғылыми жетекші: Көпежанова
Данагүл Едігеқызы,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің
саясаттану кафедрасының доценті, PhD**

**Автор туралы мәлімет:
Жұмағұлов Елдос Тәңірбергенұлы,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің докторанты,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан,
Тел 8701 4924297
e-mail: aikelbet@mail.ru**

***Калдыбекова Айдана,
Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ,
саясаттану кафедрасының докторанты,
aidanakaldybekova@gmail.com
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы***

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПОСТ-ШЫНДЫҚ ФЕНОМЕНІ: КОРОНАВИРУС ЖӘНЕ ФЕЙК АҚПАРАТТАР (САЯСАТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ)

Бұл мақалада пост-шындық феномені және фейк ақпараттардың негізгі сипаттары мен еркешеліктері қарастырылған. Бұл фейк ақпараттардың белгілі бір қоғамдық пікірді қалыптастыруын алдын алатын негізгі тетіктердің бірі ретінде фактчекинг мәселесі де талқыланған. Сонымен қатар Қазақстандағы пост-шындық феноменінің бір аспектісіне, коронавирусқа қатысты фейк ақпараттар ағыны айналасында case study анализі жасалған. Пост-шындық феномені және фейк ақпараттар ағыны мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне және дұрыс қоғамдық пікір қалыптастыру саясатына қаншалықты зиян екендігі қарастырды.

Түйін сөздер: Пост-шындық, фейк ақпараттар, дезинформация, мисинформация, фактчекинг, коронавирус, қоғамлық пікір, эмоция

Annotation

This article discusses the phenomenon of post truth and fake news, also their main features and peculiarities. The issue of factcheck has also been discussed as one of the main mechanisms that prevent the formation of public opinion. In addition, a case study analysis was carried out on one of the aspects of the post-truth phenomenon in Kazakhstan - the flow of fake news about coronavirus. It is also considered that the phenomenon of post truth and the flow of false

information is detrimental to the national security of the state and the policy of forming the public opinion.

Keywords: Post-truth, fake news, disinformation, misinformation, fact-checking, coronavirus, public opinion, emotion

Кіріспе

Твиттер бостандықтың қамалына, инстаграм өзінді және өз тауарынды реализациялау алаңына, Фейсбук болса қоғамдық пікірдің агорасына айналған уақытта кез келген адам жаңалық жасаушы, оны таратушы болып отыр. Ақиқат және ақиқатты ұғыну бұлыңғырланған ортада барлығына өтімді универсалды шындық пен ақиқат туралы сөз қозғау мүмкін емес. Бұл дәуір – пост-шындық дәуірі.

Рационалды ақпараттың орнын сезімтал ақыл мен жанашыр көңіл алған пост-шындық дәуірінде кез келген ақпаратқа кез келген уақытта, кез келген жерде еркін түрде қол жеткізе алу сезімімен қоса сеніммен сүйенуге болатын нақты фактілер де жоғалып кеткен сияқты. Кез келген уақытта кез келген нәрсе жаңадан интерпретациялануы мүмкін, әр түрлі ақпарат контекстке қарай жаңадан түсіндірілуі мүмкін және ақпараттар түрлі жаңашылдықтар нәтижесінде жаңадан жаңғыртылуы мүмкін.

Бұл мақалада бүгінгі күні өте маңызды болып отырған пост-шындық пен фэйк ақпараттардың/жаңалықтардың таралу мәселелерін саясаттанулық талдау жасай отырып, жан-жақты қарастыру көзделіп отыр. Осыған орай, мақаланың бірінші бөлімінде пост-шындық және фэйк ақпарат терминдеріне анықтама беруге тырысамыз және пост-шындық феноменіне саясаттанулық талдау жасаймыз. Екінші бөлімде фэйк ақпараттарды алдын алуда бірден-бір әдіс ретінде алға шығып отырған факт чекинг сияқты әдісті жан-жақты қарастырамыз. Үшінші бөлімде болса, Қазақстандағы пост-шындық феноменін коронавирус індеті таралуы барысында таратылған ақпараттар шеңберінде қарастыру көзделіп отыр.

Пост-шындық дәуірі және фэйк ақпараттар

Пост-шындық термині, Оксфорд сөздігі берген анықтамаға сәйкес, «қоғамдық пікірді объективті фактілерден гөрі адамдардың эмоциялары мен жеке сенімдеріне жүгіне отырып қалыптастыратын феномен» деп сипаттауға болады [1]. Бұл феномен толығымен бұрмаланған немесе ақиқаттың кейбір элементтерін ғана пайдалана отырып жалған ақпаратты ақиқат ретінде ұсынуға және оны қоғамдық талқыға салуға тырысатын үрдістерді қамтиды.

Кезген ақпараттың мазмұны мен маңыздылығын қалыпты жағадайдан әлде қайда асырып көрсете отырып халыққа ұсыну пост-шындықтың негізгі ерекшелігі болып табылады. Америка Құрама Штаттарындағы 2016 жылғы президенттік сайлауда және Ұлыбританиядағы Еуропалық Одақтың референдумында басым болған саяси пікірталастар, әдетте, пост-шындық тұжырымдамасының мысалдары ретінде ұсынылады. Фактілер мен шынайы ақпараттарға қарағанда эмоцияларға басымдылық беру бұл феноменнің ең басты ерекшелігі. Адамдардың эмоционалды реакциясын қоздыру үшін әр түрлі арандатушы және қайшылықты сөйлемдерді пайдалана отырып, белгілі бір сезімдерді әрекетке көшіруді мақсат етеді. Негізінде, эмоциялар мен түрлі сезімдерге әсер ету саяси талқылаулар мен пікірталастарда басты орын алатыны белгілі. Мұндай саяси қарым-қатынас түрінің негізгі мақсаты фактілерді емес, шындықтың «шынайы» деп алға тартылған интерпретациясын халыққа жеткізу болып табылады.

Интернет, әсіресе әлеуметтік медианың пайда болуының, яғни контент өндірушілерінің көбеюінің нәтижесінде негізгі саяси институттар мен бұқаралық ақпарат құралдары өздерінің саяси құрылымдағы маңызды мәртебесін жоғалта бастады. Интернет бастапқыда қоғамды демократияландыру құралы ретінде қарастырылды (мысалы, араб көктемі, немесе Юрген Хабермастың қоғамдық саласының немесе *public sphere*-дің шынайы көрінісі). Алайда тарихи процестер оның саясатқа және қоғамға кері әсері бар екендігін және кейбір жағдайда демократия үшін жағымсыз салдары болатындығын көрсетті. Басқа тілмен

айтқанда, әлеуметтік медианың либералды құндылықтар мен демократияның негізгі принциптерінің бұзуылуына алып келетін жақтарын да назардан жоғалтпағанымыз жөн [2]. Ақпаратты таңдау және өңдеу арқылы әлеуметтік медиа түп негізінде қоғамдық пікірді фрагментациялау және поляризациялау сияқты үрдістерді терендетеді. Мысалы, Приордың пайымдауынша осыған ұқсас үрдістің осыған дейін теледидар аудиториясында орын алған [3]. Бүгінгі күні цифрлық медианың жылдам дамуы негізінен медиа ландшафтты өзгеріске ұшыратып, ағымдағы саясатқа ықпал ететін жаңа мазмұндарды, жаңа форматтарды, жаңа жанрларды және жаңа медианы қолданысқа енгізді. Чадвик сияқты ғалымдар әлеуметтік желілерде таблойдтық (қысқа көлемді қызықтырушы фото және видеолары бар жаңалықтар түрі) жаңалықтармен бөлісу негізінен дезинформациялық мінез құлық пен жалған ақпараттар дәуірінің басталуына алып келетін басты алғышарттардың бірі болғанын алға тартады [4]. Бұл дәуір адамдардың басым көпшілігі үшін эмоциялар фактілерден гөрі әлде қайда маңызды болатын дәуір. Мысалы, популистік дискурстар мен аргументтер, яғни эмоцияларға жүгінетін, қорқыныш пен реніш сияқты сезімдерді эксплуатациялайтын дәуір. Яғни, объективті фактілер көбінесе эмоциялар мен сенімдерге жүгінуден гөрі қоғамдық пікірді қалыптастыруға аз әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, пост-шындық саясаты ақиқаттың қазіргі қоғамдық-саяси жағдайының себебі болғаннан гөрі, белгісі болып табылады деп айта аламыз.

Жалған жаңалықтар тек модерн қоғамға тән жаңашылдық емес. Тарихта бұны қуаттайтын бірқатар жағдайлар бары сөзсіз. Осыған қарамастан, жалған жаңалықтар проблемасы қазіргі қоғам үшін челлеудж, яғни сынақ болып табылады. Интернет әлемнің төрт бұрышына бірнеше секунд ішінде таралу мүмкіндігін бере отырып, ақпарат жылдамдығын жүздеген тіпті мындаған есе өсірді. Интернетте жарияланған сансыз фотосуреттер, пікірлер және бейнелер арқылы түрлі фэйк ақпараттар тез таралу әлеуетіне ие болды. Оқырмандарға ақпараттардың ауқымды әрі жылдам ағыны қатты әсер ететіні белгілі. Алайда, дәстүрлі басылымдар, ресми дереккөздері фэйк немесе жалған жаңалықтар ағынына қарсы төтеп беретін мүмкіндігі төмен болғандықтан, оған нақты қарсылық көрсете алмады. Жағдайлардың басым көпшілігінде, жаңа әрі қызықтырушы және фэйк ақпарат көздері газеттер сияқты дәстүрлі басылымдардан басым түсіп, әлде қайда көп оқылымға ие болып отырады. Сөзсіз, бұл жағдай мемлекеттегі саяси және әлеуметтік тұрақтылықты дағдарысқа алып келіп, өз мақсаттарын жүзеге асыруды көздейтін тұлғаларға таптырмас бір мүмкіндік ұсынатыны белгілі. Бүгінгі күні дезинформация операцияларын жүзеге асыру үшін Twitter, Facebook аккаунттары немесе WhatsApp, Telegram сияқты платформаларға кіру жеткілікті [5].

Фэйк ақпараттарды бір феномен ретінде қарастыратын болсақ, фэйк ақпаратты келесі бес категорияға бөліп қарастыруға болады [6]:

(I) Дезинформация - ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіретін жалған мәліметтер мен қауесеттер. Мысалы кейбір күштердің белгілі бір мемлекеттің демократиялық процестерін (сайлау науқаны және т.б.) немесе қоғамдық біртұтастылықты бұзуға бағытталған ақпарат түрі.

(II) Мисинформация – теріс пиғылды саяси топтардың күн тәртібінің бөлігі ретінде белгілі бер мақсатқа қол жеткізу үшін таратқан жалған ақпарат пен қауесеттер. Бұл категория көлемі жағынан кең ауқымды қамтиды. Фэйк ақпараттың бұл түріне қоғамдық пікірді қалыптастыратын немесе оған әсер ететін вирустық қауесеттер, жалған немесе жартылай шындық аралас ақпараттар кіреді. Бұл 2016 жылғы Америка Құрама Штаттары президенттік сайлау науқанында айқын көрініс тапқан болатын. (әсіресе Трамптың президенттік сайлау науқаны барысында).

Фэйк ақпараттың бұл түрінің тағы бір мысалы Ұлыбританиядағы Brexit референдумы барысында да орын алды. «Leave» (тастап кету) науқаны «алдағы уақытта босқындар мен мигранттардың жаңа ағыны болады» дегеннен бастап «Ұлыбритания үкіметі Еуро Одақтағы

мүшелігі үшін Брюссельге аптасына 350 миллион фунт стерлинг жібереді» деген фэйк жаңалықтарға дейін, түрлі ақпараттарды таратқан болатын [7].

(III) Мисинформация - вирустық сипатқа ие болған және басым көпшілік жағдайда медиа қолданушылар тарапынан саяси немесе негативті мақсатта емес, болып жатқан оқиға айналасында бұл оқиғаға тікелей немесе жанама қатысы бар-мыс сияқты таратылған жалған мәліметтер мен қауесеттер ағыны. Бұның қатарына бір оқиғаға байланысты көбіне әлеуметтік желілерде, әсіресе мессенджерлерде таратылатын мақсатты немесе мақсатсыз таратылатын жалған хабарламалар. Мысалға, WhatsApp платформасында белгілі бір өнімнен қауіпті зат табылғаны немесе оның қатерлі ауру тудыратыны жайлы және соған ұқсас ақпараттар қатары кіреді.

(IV) ойын-сауық - пародия, сатира немесе әзілдерде көрінетін жалған сөздер;

(V) қаржылық пайда үшін таратылған жалған ақпараттар. Бесінші санатқа жарнамадан немесе қор нарығындағы манипуляциялаудан туындайтын пікірлерден табыс алу мақсатында таратылған жалған әңгімелер жатады. Бұл санат қауіпті емес/саяси емес екенін ескере отырып, бұл әлеуметтік бірлестікке әсер етуі мүмкіндігін де ескеру қажет.

Мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздікке қатысты заңнамалық актілері және олардың іске асырылуын қадағалайтын құзырлы органдар жалған жаңалықтардың заңсыздығын анықтайды. Дегенмен, бұл ұзақ мерзімді қажет ететін процес. Бұл процес бірқатар жаңа технологияларды және бұл салада маманданған сарапшыларды қажет етеді. Осынған альтернативті жол ретінде қарастырылатын «сыни ойлау және медиа сауаттылық» сияқты когнитивті құралдар фэйк ақпараттар мен пост-шындық феноменіне қарсы қолданылатын негізгі құрал ретінде қарастыруға болады. Мысалы, бірқатар батыс елдерінде жоғары оқу орындары мен мектептерде білім алушыларға фэйк жаңалықтарды анықтап, оларды ажырата білуді үйретуге шақыратын сабақтарды міндетті пән ретінде енгізген. Сондай ақ, кейбір жағдайда фэйкті дұрыс ақпараттан ажырататын дағдыларды анықтайтын емтихандар қолданысқа енгізіліп жатады. Сыни тұрғыдан ойлау және медиа сауаттылық адамдарға ақпаратты саналы түрде тұтыну, соның ішінде оқылған материалдарды тексеруге өзіндік сыни бейімділікке үйретуге әкеледі. Бұл азаматтардың медиа және ақпаратты тұтыну сауаттылығын арттыруға түрткі болатыны сөзсіз.

Фэйк ақпараттарды анықтап, оны теріске шығарудың бірден-бір техникалық әдісі ретінде факт чекинг әдісін атап кетсек болады. Мақаланың келесі бөлімінде осы факт чекинг әдісін жақынырақ қарастырамыз.

Факт чекинг

Нью-Йорктегі АҚШ сенаторы, Үндістандағы және Біріккен Ұлттар Ұйымындағы Елшісі (1927-2003) Даниэль Патрик Мойнихан: «Әркім өз пікірін білдіруге құқығы бар, бірақ өзі ақиқат деп санаған нәрсені факт ретінде көрсетуге құқылы емес» дейді [9].

«Фактілерді тексеру» (fact-checking) термині журналистикада екі түрлі мағынаны білдіреді. Біріншісінде, акт тексеруші мамандар жаңалықтар бөлімдерінде жұмыс істейді және репортерлар дайындаған материалдардан фактілерді тексереді. Факт тексерудің бұл жанры есептің сенімділігін бағалайды, фактілер мен көрсеткіштерді қайта тексереді және басылымға дейін жаңалықтар мазмұнының сапасын бақылаудың жалпы циклы ретінде қызмет етеді. Қазіргі заман журналистикасында шығуымен, яғни Батыста 1920 жылдардағы «TIME» сияқты ірі АҚШ-ның апталық журналдарының қызмет етуімен тығыз байланысты [10].

XXI ғасырдың басында әлемдегі көптеген жаңалықтар ұйымдарының экономикалық құлдырауы - бұл фактілерді тексеру бөлімдерінің қысқартылуына немесе мүлдем жойылуына алып келді. Бүгінде ол ең алдымен АҚШ-тағы The New Yorker немесе Германиядағы Der Spiegel сияқты апта сайынғы журналдары әлі күнге дейін арнайы редакторлық фактілерді тексерушілерді пайдаланады. Бірақ біз қарастырып отырған факт чекинг жарияланып, шығарылған ақпаратқа бағытталады.

Фактілерді тексеру жобаларының екінші толқыны «жалған жаңалықтар» деп аталатын ғаламдық серпілістен кейін пайда болды. Қазіргі уақытта «fake news» дегеніміз әлеуметтік медианы өз пайдасына пайдалана отырып, кең аудиторияға толығымен ойдан шығарылған сезімтал оқиғаларды ұсыну. 2016 жылдың соңында онлайн-ақпараттық инфрақұрылым дезинформация мен жалған ақпарат беру ошағы болып, көптеген топтар фактілерді тексеруге назар аудару бастады.

Фактілерді тексеру бір жаратылыстану ғылымы емес. Бұл тек «Біз мұны қалай білеміз?», -деген қарапайым бір сұраққа жауап табу. Сонымен қатар фактілерді тексеру орфографиялық тексеру емес.

Жалпы алғанда, фактілерді тексеру үш кезеңнен тұрады:

1. Заңнамалық жазбалар, бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік медиа арқылы фактілерді тексеруге болатын ақпараттарды табу. Бұл үдеріс қандай маңызды қоғамдық талаптардың фактілерді тексеруге болады және келесісі олардың міндетті түрде нақты тексерілуі қажеттігі.

2. Қолда бар ең жақсы дәлелдерді іздеу арқылы фактілерді табу.

3. Шындық шкаласы бойынша дәлелдемелерді ескере отырып, талапты бағалау арқылы жазбаны түзет [11].

Фактілерді ажыратуға не кедергі келтіреді?

Фактілерді тексерудің практикалық аспектілерін үйренуден бұрын, студенттер өз шектеулерін білуі керек. Кейбір комментаторлар «пост-шындық» “post-truth” немесе «фактілерден кейінгі» “post-fact” дәуірге кіргенімізді жариялады.

Бұл терминдер бүкіл әлем бойынша 2016 жылы басылымдардың басты тақырыбы ретінде, «Ағылшын сөздігі» Oxford English Dictionary және «Неміс тілі қоғамы» деп аталатын «Жыл сөзі» ретінде таңдалды. «Пост-шындық» жасаған дәлелі саясат пен бұқаралық ақпарат құралдары поляризацияланған болғандықтан, азаматтар кез-келген фактілерді жоққа шығарады және келіспейді.

Сонымен қатар, адамның бұрынғы сенімдеріне және жеке қалауына қарамастан, жаңа фактілерді мінсіз қабылдайтын адам толық рационалды деп айту абсурд. Әрқайсымызда жаңа ақпараттарды қабылдауда танымдық және басқа ақыл-ой кедергілеріне ұшырайды. Бұл басқа адамдарға тиесілі нәрсе емес екеніне баса назар аудару өте маңызды, бұл бәрімізге де қатысты.

Осы тұста, мақаланың келесі бөлімінде Қазақстанда ақырындап пайда бола бастаған пост-шындық феномендерін және фэйк ақпараттар жиынтығын қарастыру үшін, бүгінгі күні актуалды болып табылатын коронавирусқа қатысты әлеуметтік желілерде таралып жүрген ақпараттар жиынтығына саясаттанулық талдау жасалатындығын атап кеткен жөн.

Коронавирус және фэйк ақпараттар ағыны

Қытайдың Ухань қаласынан бастау алып, бүкіл әлемге таралған коронавирус індеті және оған қатысты түрлі ақпараттар ресми әрі әлеуметтік желілерде кеңінен таралып жатқандығы белгілі. Бұл ақпараттардың азаматтардың белгілі бір пікір қалыптастыруларына, олардың белгілі бір мақсатта жұмылдыруларына және оның бүгінгі мемлекеттік саясатпен болған байланысын жақыннан қарастырған жөн.

Қазақстандық азаматтардың басым көпшілігі мұсылман екендігін ескере отырып, әлеуметтік желілерде таралған коронавирусқа қатысты фэйк ақпараттардың осы мұсылман қауымның сана сезіміне және олардың белгілі бір оқиғаға байланысты қоғамдық пікір қалыптастыруына алып келгенін атап кеткен жөн. Екінші жағынан елімізде бар синофобия, яғни қытай қорқынышы феноменін де назардан жоғалтпай, талдау барысында бұны да есепке қосқанымыз дұрыс болады.

Қытайдың Ухань қаласында коронавирус індеті таралып, бұл ақпарат әлемге таралған уақытта, қазақстандық мұсылмандардың мессенджерлерінде осыған байланысты түрлі фэйк ақпараттар таралып бастаған болатын. Мысалы, қытай үкіметі Қытайда тұратын мұсылман азаматтарға, әсіресе ұйғырлар мен қазақтарға көрсеткен жәбірлеріне жауап ретінде

**«Қазақстандық қоғамның әлеуметтік-саяси модернизациясы: перспективалар мен сын-қатерлер» атты
X-шы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

жаратушы Құдай оларға үлкен дерт жіберді және бұл емі табылмаған дерттен айығудың бірден бір жолы Исламға және Құранға бет бұруда ғана жатыр деген ақпарат таратылған болатын. Сонымен қатар, қытайдың үкіметі, атап айтатын болсақ, премьер министрі осыған көз жеткізіп, қытайда тұратын мұсылман қауымнан және мешітте жаратушы Құдайдан кешірім сұрапты мыс видеолар әсіресе WhatsApp мессенджерлерінде таратылған болатын (төмендегі 1-сурет және 2-суреттерден толығырақ көруге болады).

1-сурет



Фейк | Си Цзиньпин посетил мечеть и просил благословения/прощения у мусульман

2-сурет



Фейк| Китайский премьер молится в мечети

Сонымен қатар, коронавируспен мұсылмандар ғана шалдықпайды екен дегенді естіген қытайлықтардың барлығы жаппай ислам дінін қабылдап жатыр екен деген де фэйк ақпарат тараған болатын (3-сурет).

3-сурет



Фейк | Китайцы массово принимают ислам

Дегенмен, мессенджерде тараған бұл ақпараттардың барлығы фэйк жаңалықтар болған болатын. Таралған бұл ақпараттардың біріншісі коронавирустан бұрын болған бірнеше оқиғаның біріктірілуінен жасалған болатын. Мысалға айтатын болсақ, бірінші

суретте Қытай мемлекетінің басшысы Си Цзиньпин Қытайда ашылған бір мешіттің ашылу салтанатында түсірілген фото болатын. Ал екінші сурет болса, тіпті Қытайдың емес, Малайзия премьері мешітке барып, ғибадат жасау барасында жасалған видеоның қиындысы болып табылады.

Бұл ақпараттың фэйк екендігін анықтап, оның қазақстандық Factcheck.kz интернет платформасында жарияланған болатын.¹ Осы тұста, күмәнді кез келген ақпараттың факт чекинг жасалып, тексеруі қажет екендігін түсінуге болады.

Қорытынды

Осы орайда, мұндай жалған ақпараттардың таратылуының негізгі мақсаты не деген сауалға келіп тоқталуымыз қажет.

Жоғарыдағы коронавирусқа қатысты жасалған *case study*-ді талдайтын болсақ, бұл фэйк жаңалықтар ағыны елімізде дезинформациялық мінез құлық пен жалған ақпараттар дәуірінің басталуына алып келетін басты алғышарттардың бірі болып отыр. Бұл фэйк ақпараттар, еліміздегі азаматтардың басым көпшілігі мұсылман екендігін және оларға Қытайдағы мұсылмандарға қытай үкіметі тарапынан жасалған зорлық зомбылықтар, сондай-ақ елімізде синофобиялық сезімнің күшеюін негізге ала отырып, фактілерден гөрі эмоцияларға бағытталып отыр. Яғни, ақпараттық қауіпсіздікті тұрақсыздандыруды мақсат етіп отырған кейбір медиа өндірушілердің таратқан ақпараттары эмоцияларға ауырлық беріп, азаматтардың қорқыныш пен реніш сияқты сезімдерін ашық түрде эксплуатациялауды мақсат етіп отыр.

Кейбір теріс пиғылды медиа өндірушілер фэйк ақпараттарды тарату және көбінесе эмоциялар мен сенімдерге басымдық беру арқылы сыни ойлау мен сауаттылыққа негізделген қоғамдық пікірден гөрі эмоцияларға негізделген қоғамдық пікірді қалыптастыруды көздейді.

Бұл мақаланың теориялық бөлімінде қарастырғанымыздай, елімізде жалған ақпараттардың таралуы негізінен бүгінгі мемлекеттік саяси институттар мен бұқаралық ақпарат құралдарының уақыт ішінде өздерінің саяси құрылымдағы маңызды мәртебесін жоғалта бастағандығының бірден бір көрсеткіші екенін атап өткен жөн. Бұл тарихи процестің саясатқа және қоғамға кері әсері бар екендігін және кейбір жағдайда ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретіндігі сөзсіз. Басқа тілмен айтқанда, әлеуметтік медиада таралған фэйк жаңалықтар құруымыз қажет болып табылатын либералды құндылықтарды бұзатындығы және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді толығымен тежейтіндігі белгілі. Бұл симптомдар елімізде пост-шындық дәуірінің басталғандығының басты көрсеткіші.

Азаматтарымыздың мессенджерлерінде осы сияқты фэйк ақпараттардың таралуы түп негізінде қоғамдық пікірді фрагментациялап, поляризациялауға алып келетіндігін көрсетіп отыр. Сондай ақ фэйк ақпараттар ағыны Қазақстандағы медиа ландшафтты өзгеріске ұшыратып, ағымдағы ұлттық саясатқа кері ықпал ететін жаңа мазмұндардың және жаңа форматтардың, оларды алдын алудың жаңа тетіктерін қолданысқа енгізу қажеттілігі туындап отырғандығын көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Oxford Dictionary, “Word of the Year 2016,” 2016
2. Bauman, Z., *Liquid Times: Living in an Age of Uncertainty*, Cambridge: Polity Press, 2007.
3. Prior, M., *Post-Broadcast Democracy: How Media Choice Increases Inequality in Political Involvement and Polarizes Elections*, New York: Cambridge University Press, 2007.
4. Chadwick, A., *The Hybrid Media System: Politics and Power*, 2nd ed., Oxford University Press, 2017

5. Salgado, S. (), ‘Online media impact on politics. Views on post-truth politics and post-postmodernism’, International Journal of Media & Cultural Politics, 2018.
6. Tambini, Damien.. “Fake News: Public Policy Responses”. Media Policy Brief 20. London: Media Policy Project, LSE 2017.; and <http://www.bbc.com/future/story/20170301-liespropaganda-and-fake-news-a-grand-challenge-of-our-age>
7. Smith, Mikey. “How Facebook, Fake News and Personalised Ads Could Swing the 2017 Election - And What You Can Do About It.” The Mirror, May 8, 2017. <https://www.mirror.co.uk/news/politics/how-facebook-fake-news-personalised-10382585>
8. Norman, V., Benjamin, A., Terri-Anne-Teo, Shashi, J., Muhammad, F., Juhi A., Fake news: national security in the post-truth era . Rajaratnam School of International Studies, 2018
9. Moynihan, D. Daniel Patrick Moynihan. New York: Public Affairs , 2010.
10. Scriber, B. «Poynter.» Who decides what’s true in politics? A history of the rise of political fact-checking, 2016: 20-28
11. Stencil, M. «. Fact-checking booms as numbers grow by 20 percent» Duke Reporters Lab, 2017: 20-29.

Мақала авторы - Калдыбекова Айдана
Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ. Кемеңгерұлы к. 8|1
8 775 7426802
Ғылыми жетекшісі Жанпейісова Қ.Д.
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ,
саясаттану кафедрасының доценті, с.ғ.к.,

Калиаскарова Гүлназ Базарбекқызы
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
журналистика және саясаттану факультетінің докторанты
gulnaz.ciom@mail.ru
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНДАҒЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ МИГРАЦИЯ ЖАҒДАЙЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ АНАЛИЗ

Abstract: This article examines the world and current migration processes in the country. In addition, the article provides a comparative analysis of the processes of intellectual migration that began in the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation with the collapse of the USSR in the early 90s. The role of migrants in the world labor market, the role of human capital in the economic, social, and political development of the country. The reasons of brain drain and ways to regulate it are considered as well.

Key words: intellectual migration, brain drain, scientific workers, international labor market, education, migration policy.

Әлемдік экономикалық кризис жағдайында мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуында халықаралық жоғары маманданған миграция үлкен роль атқарады, яғни интеллектуалды миграция. Ғылыми кадрлар, оқытушы, ғалымдар, өнер қайраткерлері және де басқа да жоғары білікті мамандар халықаралық еңбек нарығының негізгі сегментін құрайды. Американдық ғалым П.Друкердің айтуынша: «дамыған экономиканың нағыз капиталы білім, ал интеллектуалды еңбектің жұмыскерелері қоғамның құндылықтары мен нормаларын анықтайтын топқа айналды.[4] «Интеллектуалды миграция» ұғымы алғаш рет